



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№10 (1923) 18 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ

Ұлыстың ұлы күні – ізгілік пен бауырластық мейрамы

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері мен білім алушы жастары!

Сіздерді Жыл басы – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңаның хабаршысы, жақсылықтың жаршысы – Ұлыстың ұлы күні елімізге жақсылық пен ырыс-несібесін ала келсін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты үшінші отырысында: «Мен «Егемен Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Әз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады», – деді.

Көрісу күні – Амал мейрамынан бастап, Ұлыстың ұлы күніне дейінгі әрбір күнге арнайы атау беріліп, қайырымдылық пен мәдени-танымдық іс-шара-



ларды қамтитын «Наурызнама» онкүндігі жарияланды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл бастамаға айрықша қолдау көрсетіп, оқытушылар мен білім алушы жастардың қатысуымен игі шараларды атқаруға елеулі үлес қосты.

Ұлыстың ұлы күні – көрікті көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен бауырластықтың, бірлік пен ынтымақтың, жасампаз еңбектің мейрамы. Қасиетті Рамазан айымен қатар келген Наурыз мерекесінің рухани өмірімізде алатын орны ерекше. Ұлттық құндылықта-

рымыз жан-жақты дәріптеліп, ұрпақтар сабақтастығы жалғасып, үлкенге құрметіміз, кішіге ізетіміз арта берсін. Жаңа, әділетті Қазақстанның іргесін бірге қалап, межелі белестерді бірге бағындырайық. Берекесі ұйған егемен еліміздің болашағы жарқын болсын!

Баршаңызға мықты денсаулық, әр шаңыраққа құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Ізгі ниетпен,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіндегі хинди бөлімінің ашылғанына 25 жыл толуына арналған «Үндістан және Еуразия елдеріндегі үндітану зерттеулерінің бүгіні мен келешегі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Үндітану мәселелеріне ҮН ҚОСТЫ



Білім ордасының 90 жылдығы аясында ұйымдастырылған іс-шараны ҚазҰУ мен Үндістанның Қазақстандағы елшілігі бірлесіп өткізді.

Халықаралық конференцияға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Үндістанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Нагендра Прасад, Үндістан үкіметі Сыртқы істер министрлігінің ресми тіл және үнді тілдері, аударма бөлімінің бірлескен хатшысы Шри Равиндра Джайсвал қатысты.

Сондай-ақ конференцияға Үндістан премьер-министрі жанындағы Орталық хинди комитетінің мүшесі, профессор Ярагадда Лакшми Прасад, Орталық хинди институтының директоры Бабурао Кулкарни, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Беларусь елдерінен келген хинди тілінің оқытушылары, ғалымдар мен сарапшылар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы жиналды.

Жалғасы 2-бетте

Ректор Тұрақты даму ғылыми орталығын аралады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев география және табиғатты пайдалану факультетіндегі Тұрақты даму және табиғатты тиімді пайдалану ғылыми орталығының ашылуға дайындық барысын тексерді.

ҚазҰУ ректоры ғылыми-зерттеу орталықтарының басшыларымен бірге жаңа орталық базасында ашылғалы жатқан ғылыми зертханаларды аралап көріп, жұмысымен танысты.

Тұрақты даму мақсаттары-

ның түрлі бағытын іске асыратын зертханалар климат және модельдеу, сандық картография және қолданбалы геодезия, су ресурстарының сапасын талдау бағыттары бойынша жұмыс істейтін болады.

Сонымен қатар жаңа зерт-

ханалар тұрақты туризмді дамытуға, геоақпараттық талдауға, геодемографиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеуге, топырақ экологиясын, қоршаған ортаны бақылауға, экологиялық қауіпсіздік салаларына қатысты тың зерттеулер жүргізуге және университеттің ғылыми әлеуетін көтеруге жол ашады.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Құрылтай мақсаты – ұлт сапасын жақсарту



4-бет

Тұрсын ҒАБИТОВ:

Наурыз мерекесі табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді




6-бет

Францияда ғылыми тағылымдамадан өтеді



Наурызнама

ОНКҮНДІГІ



«НАУРЫЗНАМА»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН
ТОЙЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ



Соңы. Басы 1-бетте

Шараны ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Қазақстан мен Үндістан арасындағы ынтымақтастықтың артып отырғанын ерекше атап өтті.

«Қазақстан мен Үндістан арасында 1992 жылы 22 ақпаннан бастап дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Бүгінде екі мемлекет арасында ғылым, білім, мәдениет саласында, IT және инженерлік мамандар даярлау бағытында жаңа байланыстар орнатылуда. ҚазҰУ Үндістанның тоғыз университетімен және ғылыми ұйымдарымен байланыс орнатқан. Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үндітану саласы бар жалғыз отандық университет. Шығыстану факультетіндегі хинди тілі бөлімі 1998 жылы қыркүйекте ашылды. Содан бері 200-ге жуық үндітанушы мамандар білім алып, бүгінде еліміздің түрлі салаларында жұмыс істеп жатыр», – деді ректор.

Өз кезегінде Үндістанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Нагендра Праasad әлемде хинди тіліне деген қызығушылық күннен-күнге артып келе жатқанын жеткізді.



Үндітану мәселелеріне ҮН ҚОСТЫ

«Халықаралық шараны тұңғыш рет өткізіп отырған оқу ордасының басшылығы мен ұжымына зор ризашылығымды білдіремін. Хинди тілі ағылшын және қытай тілдерінен кейінгі дүниежүзінде көп қолданылатын тілдердің бірі. 600 млн-нан астам адам осы тілде сөйлейді. Сондықтан қазіргі таңда хинди тілін үйренгісі келетін адамдардың саны артып келе жат-

қаны бізді қуантады», – дейді елші.

Іс-шарада Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Беларусь елдерінен келген сарапшылар мен ғалымдар баяндама жасап, Орталық Азияда жүріп жатқан үндітану зерттеулерінің жұмысы туралы айтты.


Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ректор Тұрақты даму ғылыми орталығын аралады

Соңы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев университет ғалымдарымен пікірлесіп, жаңа зертханалардың әлеуетін пайдалана отырып, патенті алынған үздік ғылыми жобаларды нарыққа шығару жұмыстарын жеделдету, шетелдік ғылыми-зерттеу институттарымен және орталықтармен, зертханалармен тығыз қарым-қатынасты дамыту, бірлесіп ғылыми жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

Зертханалар заманауи, еркін форматта жасақталып, соңғы үлгідегі инновациялық технологиялармен, қуатты компьютерлермен, смарт-құрылғылармен, сынама алатын қондырғылармен жабдықталады. Зертханалармен қатар, аудиториялар да жаңартылып, оқытушы-профессорлардың ғылыммен айналысуына, білім алушы жастардың емін-еркін сабақ оқуларына жағдай жасалынады.



Айта кетсек, жуырда ҚазҰУ ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінен мегагрант жеңіп алған болатын. Грант сомасы 3,8 млрд теңгені құрайды. Бұл жоба Батыс Қазақстан өңіріндегі экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған. Жоба үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетіндегі ғылыми зертханалар аталған мегажоба аясында жасақталды. Зертхананы заманауи құрылғылармен жабдықтауға қосымша демеушілер де қолдау көрсетуде.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

14 наурыз – Көрісу күні – Амал мерекесі тойланады. Негізінде, еліміздің батыс өңірлерінде сақталған мереке енді барлық аймақтарда тойланады.

15 наурыз – Қайырымдылық күні. Бұл күн қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналады.

17 наурыз – Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

18 наурыз – Ұлттық киім күні. Наурызнаманың онкүндігінде еліміздің барлық өңірлерінде ұлттық киімдерімізді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілмек.

19 наурыз – Жаңару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.

21 наурыз – Ынтымақ күні. Бұл күннің идеясы – жалпы халық бір-біріне деген сыйқұрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

«14-23 наурыз аралығында «Наурыз-базарлық» маусымы жарияланады. Бұл күндері сауда орындарында жаппай сатылымдар өткізу, жеңілдіктер жасау жоспарлануда», – деді ҚР МАМ Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаев ОКҚ алаңында.

Ал Наурызнаманың қорытынды күні, жаңа жылды қарсы алудың символы ретінде **23 наурыз – Тазару күні** деп жарияланды. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді.

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Рамазан айында ораза тұтқандарға арнайы дастархан жайылып, ауызашар берілді.

Ауызашар дастарханна зиялы қауым өкілдері, оқу ордасының ақсақалдары мен



Ораза тұтқандарға ауызашар берілді

ардагер ұстаздары, оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар мен қызметкерлер жиналды.

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жиналған қауымды Рамазан



айымен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Рамазан айы – бүкіл мұсылман қауымының ынтымағы артып, бір-біріне бауырмалдығы айқын

көрінетін мезгіл. Мен Қазақстан халқының әрдайым рухани үндестікте өмір сүріп, болашаққа нық қадам басытынына сенемін», – деп атап өткен болатын.

Бұл айда адамзаттың ең

асыл құндылықтары – мейірімділік пен жақсылық, ізгілік пен имандылық ерекше дәріптеледі. Бұл құндылықтар біртұтас халқымыздың бірлігін нығайтып, рухани көкжиегімізді кеңейтеді. Рамазан айы бауырмалдыққа, кішіпейілдікке, кешірімді болуға үндейді. Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын!» – деді ректор.

Өз сөзінде ЖОО басшысы ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында өтетін ауқымды шаралар туралы айтып, болашақтағы жоспарларымен бөлісті.

Айта кетейік, ҚазҰУ қалашығындағы асханалар мен кофеханаларда ораза ұстаған студенттер үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылып, су мен құрма тегін үлестірілуде.

Алмат ИСАДІЛ

Құрылтай мақсаты – ұлт сапасын жақсарту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлары да өз пікірін білдіріп, үн қосты.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҢА БИІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы ең өзекті мәселелерге назар аударды.

Бұл құрылтайда елдегі саяси реформалар қорытындыланып, алдағы кезеңде іске асыратын кешенді экономикалық және әлеуметтік реформаларға қажетті іс-қимыл жоспары таныстырылды. Соның ішінде еліміздегі индустрия салаларын қазіргі заман талаптарына сай ілгері дамытудың қадамдары, су, жер қатынастарын реттеу, инфрақұрылымдық қауіпсіздік мәселесі, ең бастысы, ел қауіпсіздігін жаңаша бағалау, соған қажетті нақты шаралар қабылдау реті айқындалды. «Прогрессивті ұлт болу үшін Қазақстан барлық азаматтардың дүниетанымын өзгертіп, қоғамдық санада жаңа құнды-

лықтарды сіңіруі керек», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ұсынған бастамалар өте ауқымды әрі жүргізіліп жатқан реформалардың қисынды жалғасы болып табылады. Ал олардың негізгі мақсаты – қуатты және өркендеген мемлекет құру. Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсеке-лік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді. Осылайша ел экономикасының басым секторларын дамытуға ден қойылуы қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы Қазақстан Президентінің III Ұлттық құрылтайдағы баяндамасын қуана қабылдады. Біз халықаралық қатынастар, аймақтану, әлемдік экономика және оның басқа да маңызды салаларында білікті кадрларды даярлауға үлес қосуға дайынбыз.

Жаппар ЖҰМАН,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА құрметті академигі, экономика ғылымының докторы

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ



Құрылтайда Мемлекет басшысы негізінен жастардың тәрбиесіне, біліміне, денсаулығына, болашағына қатысты ой қозғағаны өзіме ерекше әсер етті. Өйткені жастар ертең елдің тұтқасына ие болатын контингент. Сондықтан олардың бүгінгі заман талабына сай білім алып, елдің дамуына сөзбен емес, іспен ықпал етуі аса маңызды.

«Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз ұланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы

қолдауға шақырамын», – деді Президент өз сөзінде.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан вейптердің таралуына тосқауыл қою қажет екенін айтты. «Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қадам бүгінде сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін», – деген ойымен бөлісті.

Біз ұстаз, ата-ана болғандықтан, балаларымыздың, жастардың болашағына алаңдаймыз. Бір айтқым келетіні, Мемлекет басшысының жолдауында, әр жерде сөйлеген сөзінде үлкен түйткілді мәселелер көтеріледі. Бір өкініштісі, соның көбі науқандық сипат алады да, уақыт өте келе ұмыт қалады. Мәнінше, айтылғанын түспей, қоғамда үнемі талқыланып, соған сай әрекет етуіміз керек.

Ләйла КУДРЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің декан орынбасары, химия ғылымының кандидаты

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» ҮШТІГІНІҢ МАҢЫЗЫ



Құрылтайда халықтың береке-бірлігін сақтау, ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт қалыптастыруда зиялы қауымның рөлі зор екені және елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігі мен ауызбіршілігіне негізделетінін астын сызып айтты. Сондай-ақ қазіргі шиеленіскен геосаяси жағдайда өткен тарихқа шынайы қарау, жалпыұлттық деңгейде ойлай алатын, жеке мүддесі үшін емес, мемлекет мүддесі үшін қызмет ететін азаматтар көпке үлгі болуы қажет екені де айтылды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік саясаттың басты құралы қазақ тілін өз тұғырына қондыру үшін жасалып жатқан жұмыстар туралы айта келіп: «Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық» деді. Ағартушылықпен, әлем әдебиетінің жауһарларын аударумен айналысып жатқан баспагерлердің еңбегін атап өтті. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті қажеттілік тудыру арқылы үйрету, қазақ тілін өз деңгейіне жеткізуге қамқорлық танытып, сөзден іске көшіп, нақты әрекет жасау қажет екені айтылды. Сонымен қатар жастарды кітап оқуға баулу, кітапқұмарлыққа үйрету қажет екені айтылды. «Шын мәнінде озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» деді.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан өзекті мәселелер туралы айтып, әрқайсысын шешу бойынша негізгі қадамдарды ұсынды. Әрбір азаматтың міндеті өз өзегінен айнамай, даралығын сақтай отырып, ұлт болып ұйысуға, білімді, ағартушылықпен айналысатын, ауызбіршілігі бар зиялы қауым өкілдері ретінде мемлекеттің дамуына үлес қосуға міндетті екенін ескертті.

Алмаш СЕЙДИКЕНОВА,
ф.ғ.к., профессор,
Дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі

ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелері ҚОЗҒАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Атырауда Ұлттық құрылтайдың үшінші жиыны өтті. Жайық жағасында өткен басқосуда қоғамның дамуына арналған өзекті мәселелер қозғалды. Мемлекет басшысы ұлт бірлігін нығайтудың маңыздылығына, әсіресе мұндағы зиялы қауымның рөліне ерекше тоқталды.

Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілін қолдану аясын кеңейту мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болып қала беретінін айтты. Тілді дамытуда ағартушылықтың маңызды рөл атқаратынына сенім білдірді, сондай-ақ кітапхана ісін дамыту, оның ішінде Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар салу қажеттігін тағы қайталады.

Президент Ұлы даланың көшпелі өркениетінің, атап айтқанда: Жошы ұлысының мұрагері ретінде Қазақстанның тарихи рөлін атап өтіп, ұлттың мәдени мұрасын сақтаудың мән-маңызына тоқталды.

Сондай-ақ ысырапшылдық тақырыбын қозғап, үнемділік, әсіресе энергия ресурстары мен су байлықтың бастауы екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Ұлттық



құрылтай мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде есірткі саудасы, лудомания, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм сияқты қоғамның жаңа әлеуметтік жағымсыз әдеттерімен жүресу қажеттігін ортаға салды.

Тәуелсіздік, патриотизм, бірлік, әділдік, жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық, кәсіпқойлық, жасампаздық және жаңашылдық сияқты ұлттың негізгі құндылықтарына ерекше тоқталып, әрбір азаматты «Адал азамат» концепциясы мен Әділ Қазақстан идеясын ерекше атап өтіп, оларды жүзеге асыруға ұмтылуға шақырды.

Жанар ЖАҒАБАЕВА
география және табиғатты пайдалану факультеті

ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛМАҚ

III Ұлттық құрылтайдың бірінші күнінде білім мен ғылым арнайы секция тақырыбы ретінде қаралуы өте өзекті мәселе. Қазіргі күнде кез келген елдің дамуы мен ел болашағы жастардың қолында екені белгілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі бизнесмендерге «Мешіт салған жақсы, дегенмен мектеп, балабақша, спорт кешендерін салса тіпті керемет» деген сөзінде білім мен ғылымға көңіл бөліп, елдің болашағы жастарды дұрыс тәрбиелеу керек екенін көрсетті.

Ел тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елімізде халық жаппай діни жоралғыларды ұстай бастады. Бұл, бір жағынан, халықты рухани оңалтқанымен, екінші жағынан, жаппай дінге бет бұрып, жас балалардың өзі сабақты қойып, мешіт жағалап, бар уақытын мешіттерде өткізетін кездер көбейіп кетті. Баланың білім нәрімен толық суындап, кемеліне келіп, өз таңдауымен, саналы түрде жасаған таңдауы қоғамға үлкен пайда келтіреді. Сондықтан Президентіміз айтып өткендей, балаларға арнап жайлы мектептер, балабақшалар, спорт кешендерін, оңалту орталықтарын көптеп салса еліміздегі



балалар білімді болып өсері хақ. Білімді бала ертең ғылымда үлкен жетістіктерге жетері сөзсіз.

Құрылтайда Президент Қ.Тоқаевтың балалар өміріне басымдық беріп отырғанына барлығымыз қолдан келгенше атсалысып, білім мен ғылымға сусындауына жағдай жасағанымыз жөн. Белгілі ғалым, академик Асқар Жұмаділдаевтың «Жетектегі ел емес, жетектеуші ел болуымыз керек» деген сөзі осы біздің болашағымыз – балаларға айтқан ұлағатты сөзі.

Әлім МЫЛҚАЙДАРОВ,
География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті

– **Тұрсын Хафизұлы, Наурыз мейрамы – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Осы мерекенің мәні мен маңызына тереңірек тоқталып өтсеңіз.**

– Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Бұл мерекені Орталық Азия және Таяу Шығыстың көптеген халықтары тойлайды. Наурыз мейрамы ретінде Тұран мен Иран елдерінде ресми дәрежеге ие болды және қандай да бір деңгейде халықтық философиямен қатысты. Себебі оның сыры планетарлық қозғалыстың құпиясында сақталады, халықтық фольклорда насихатталады. Көптеген түркі халықтарының Наурыз мейрамы – Жаңа жылды тойлау тарихы кемінде үш мың жылды қамтиды. Исламның келуімен Наурыз ұмыт қалған жоқ және мұсылман өркендеуінің ажырамас бөлігі болып дәстүрге айналды. Наурыз мерекесі табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурызға байланысты атқарылатын салт-ғұрыптар, жөн-жоралғылар, наным-сенімдерде, сайып келгенде, ата-баба жолын дәріптеу, рушілік, руаралық қатынасты реттеу, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау мақсаты көзделеді.

Наурыз күн мен түннің теңелген күні және көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-інен 22-сіне ауысқан түні болды. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсен, көзін аш!», «Бір тал кессен, он тал ек!» деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарханның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. «Наурызкөжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады» деген сенім бар. Дастархан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» деп бата береді.

– **Наурыз мерекесі әлем халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында кездесетіні жайлы айтылады...**

– Бұл мейрамның түп-төркіні ежелгі Иран-Тұран (Түркі) елдері арасындағы қарым-қатынастың барысында қалыптасқан мәдени-тарихи байланысқа саяды. Арғы Иран-Тұран заманын былай қойғанда, Алып Ер Тоңға (Афрасиаб) кезінде тұрандықтар (түркілер) Наурыз мейрамын тойлаған көрінеді. Бұл жөнінде әйгілі Афрасиаб (Алып Ер Тоңға) қорғанының оңтүстік қабырғасында «Наурыз» деген жазуы бар сурет сақталып қалған.

Наурызда күн мен түн теңеледі, жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында батыс көкжиекте қатар тізіле сап түзеді. Есепшілер аталмыш жұлдыздардың қатар түзуімен күн мен түннің теңелуін байқаған.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды

ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар һайям т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағаны туралы мәліметтер мол. Мысалы, түркі-парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыныаяқты

Тұрсын ҒАБИТОВ, философия ғылымының докторы, профессор:

Наурыз мерекесі табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді

сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі.

Есепшілер, халық астрономдары Наурыздың келгенін күн мен түннің теңелгенін жан-жануарлардың қылығынан да байқайды. Қазақтың батыс өлкесінде (Атырау, Маңғыстау аймағында) наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығып, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақтау жерге шығады дейді.

Ал тасбақа күн мен түн теңелгенде інінен аузына шөп тістеп шығатын көрінеді. Шөптің аты «мәриямшөп» деп аталады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген мифологиялық наным-сенім бар. Кейбір елдерде күн мен түннің теңелгенін балықтан байқайтын көрінеді. Этнограф шежіреші Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде күн мен түн теңелгенде балық аунап түседі дейді. Жиырма тоғыз жасында ғылым, білім іздеп Бұхара шәрифте болған Мәшһүр Жүсіп өзі байқаған жайы туралы: «Наурызда той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп жазады.

– **Қазіргі жастар Наурыз мейрамын ата-бабамыздың қалай тойлағанын біле бермейді. Жалпы, қазақ мәде-**



ниеті контекстінде Наурыз қалай көрініс берген?

– Қазақ халқының мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні Қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурызкөже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қостасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Ұлыстың ұлы күнгі Қызыр түні қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға ағарған (сүт, айран, уыз т.б.) құйып қояды. Егінші аймақта қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады.

Наурыз таңын қарсы алмаққа жиналған қыздар жағы уыз дәмді «Ұйқыашар» дайындай-

ды. «Ұйқыашар» дайындап, өздеріне құрмет көрсеткен қыздарға жас жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты әшекей бұйымдарды сыйға таратады. Жігіттердің бүкпелі ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый «селт еткізер» деп аталады.

Халықтың Наурыз мейрамындағы салт-ғұрыптардың бір алуаны табиғатпен «тіл табысу», оны қасиеттеу мағынасында болса, енді бір алуаны адамдар арасындағы этикалық-моральдық қатынастарды реттеу, моральдық нормаларды нығайту, жолға қою мақсатына бағытталады. Жүректе, көңілде өткен күннен дақ пендық, реніш, өкпе-қалдықтың қалмауы, бұларды дер кезінде кетірмесе, аяғы араздыққа, дау-жанжалға, қатыгездік пен қастандыққа апарып соқтыратыны айрықша ескерілді. Сондықтан Наурыз мейрамында кешірім сұрау, кешіру тәрізді адамгершілік акциясы өткізілген. Мұның өзі жүректі таза ұстау, кір шалдырмаудың халық ұғымында соншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Дәстүр бойынша Наурыз айттыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Жамбы ату» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Көңілді өткен Наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталатын.

Наурыз күні думан-тойды аталарымыз «наурыззнама» деп атаған. Ұйытқысы, әрине, жастар. Содан болар, ән мен би, ойын-сауық түннің бір уағына дейін созылған. Халқымызда «Ақ боран», «Қалтырауық қамыр кемпір» ойындары бар. Сонымен қатар бұл күні наурыз жыр, наурыз жұмбақ, наурыз айттыс, түрлі әзіл-қалжың, мадақтау өлеңдері айтылады.

Ұлыс күні татулық тойы, шаура, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген – осы. Бұл күні наурызкөжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл санаушылардың есебінше, Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «Үркердің жерге түсуі» деп атаған.

Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы Үркердің үстімен өтіп, Үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтып көрінеді. Бұған орай, халқымыздың «әлемді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан» т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

– **Кейбіреулер Наурызды діни мереке деп жүр...**

– Наурыз – кей білгіштердің жаңалық ашып, онысымен жұртты адастырып жүргеніндей, діни мереке емес. Бұл бағзы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Оны Иран, Ауғанстан, Үндістан, Кавказ және Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде тойлайды. Алайда «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» демекші, дәстүр өзгешелігі де орын алған.

Халқымыз жаңа жылға ертеден дайындалатын. Қысқы соғымның өбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға саламын деп сақтаған.

Жас келіндер, бойжеткендер болса кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыстық бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдар соққан. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым.

– **Өңгімеңізге рақмет.**

Сұхбаттасқан Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Жаңару мен жаңғыру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – деген болатын. Осы орайда, «Ұлыстың ұлы күні – Наурыздың қазіргі заманға сай тұтастық пен бірлікке қызмет ететін жолы қандай болу керек?» деген сұрақпен қара шаңырақ ҚазҰУ-дың профессор, ұстаздарының пікірін білдік.

СИМВОЛЫ

МЕРЕКЕНІҢ МАЗМҰНЫНА МӘН БЕРСЕК...

МЫҢЖЫЛДЫҚТАРҒА ЖАЛҒАСҚАН ӨЗ НАУРЫЗ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің әр сұхбатында не болмаса жолдауларында ұлттық болмыс, тарих, әдебиет, мәдениетті назардан тыс қалдырмайды. Соның бірі соңғы берген сұхбаты аясында да аталмыш салалар айтылмай қалмады. Президент сұхбат барысында: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы», – дей келе, түбі бір түркі халықтарына ортақ Өз Наурыздың тарихи маңыздылығын астын сыза айтады.



ел іргесі жөніндегі мәселелерді ортаға салып отыратын.

Расымен, неше мыңжылдықтарға жалғасып, халқымыздың ғұрпы ретінде санасына сақталып, ғасырлық жадына жатталған Өз Наурыздың тарихи танымы тереңде жатқаны анық. Наурыз мерекесінде тек күн мен түннің теңеліп, соны тойлау ғана мақсат емес. Көшпенділік пен отырықшылықты қатар ұстаған ата-бабаларымыздың қолы көкке жетіп, қыстай көрмеген жақындарымен бас қосып, жеті дәмнен жасалатын қасиетті наурызкөжені дайындап, бас қосуы болса керек.

Наурыз мерекесін тойлауда үлкен философиялық астар жатыр. Этнографияны, тарихты, әдебиетті жақсы меңгерген дана халқымыз өткен жылды қорытындылап, жаңа жылға деген жоспарларымен бөлісіп,

Аталмыш Наурыз мерекесі әр кезеңде әртүрлі мерекеленгенімен, негізгі бағытынан ауған жоқ. Дегенмен ысырапшылдыққа жол бермей, орта жолды ұстанғанымыз абзал. Қара шаңырақ университетімізде де қаншама жылдан бері Өз Наурыз жоғары деңгейде ұйымдастырылып келеді. Ректораттың бастамасымен жекелеген факультеттер ақ үй тігіп, түрлі дәмдер дайындайды.

Түбі бір түркі халықтарының ортақ мерекесі – Өз Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын!

Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия ғылымының докторы, Философия кафедрасының профессоры, «Парасат» орденінің иегері

Наурыз мерекесі қоғамдық-саяси факторларға байланысты 1926-88 жылдар аралығында тойланбады. Бірақ ел арасында Наурыз мерекесін атап өтіп жатқанымен, өзінің мазмұндық сипатынан айырылып қалу қаупі төнген еді. 1988 жылдан бастап Наурыз мерекесі тойланып келеді. Киіз үй тігіліп, мол дастархан жайылып, наурызкөже т.б. ұлттық тамақтармен және ойын-сауық көрсетумен ғана шектеліп қалды. Мейрамның мазмұны мен өткізудің жаңаша сипаттарын өзгертуді уақыт өзі талап етіп отыр.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз сұхбатында Наурыздың жаңару мен жаңғырудың символы және бұл мерекенің мазмұнын байытып, жаңаша атап өтуге сенім білдірді. Қазіргі түрлі қоғамдық факторлар әлемнің шынайы «нәзік» екенін көрсетіп отыр. Осындай «нәзік қоғамда» өмір сүріп жатқан халқымыздың ұлттық бірлігі мен татулығының шынайы көрінісі жаңа күннен басталса



деген үмітпен Наурыз мерекесіне жаңаша мазмұн мен мән беру керек.

Бұл мерекені бір күн ғана тойламай, 14 наурыздан бастап, 23-іне дейін атап өтілсе, сонда халық бұл мерекенің азаматтық мереке екенін мойындап, бағалай білер еді. Қоғамның әртүрлі аясында еңбек етіп жатқан ғалымдарды, жеке кәсіпкерлерді, елімізге пайда әкелген танымал тұлғаларды халыққа насихаттап, таныстырса деген ойдамыз. Қазір белгіленген уақыт аясында ға-

на таратылып жатқан медальді бермей-ақ, белгілі бір бағыт бойынша маңдай терімен еңбектенген, мемлекетке өзіндік үлесін қосқан жандарды халыққа танытатын арнайы іс-шаралар өткізілуі керек. Наурыз – «жаңа күн» табиғаттың жаңаруы мен адамзаттың елдік, бірлік, берекелік, инабаттылық, адамгершілікке, ізгілікке баулитын ырыс-құт мезгілі, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі жаңа түр мен мазмұнмен өрнектелсе болар еді. Ол үшін 14-22 наурыз күндеріне арнайы мемлекет тарапынан бекітілген іс-шаралар жүргізілсе, халық бұл мерекенің жалпыхалықтық азаматтық атрибуттарын бағалап, ұлтымыздың ұйымшылдығын, бірегейлігін, ел бірлігінің ең мықты екенін сезініп, сонда еліміздің әрбір азаматы өз елінің болашағына үлкен сенім білдіре алады.

Дина ӘЛКЕБАЕВА,
филология ғылымының докторы, профессор



ТАТУЛЫҚ, БІРЛІК ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК МЕЙРАМЫ

Наурыз – қуаныш пен сүйіспеншілік сыйлайтын, өмірге сән беріп, бірлік пен ізгілікті насихаттайтын қайталанбас, жарқын, жаңару мерекесі. Қазіргі таңда аса маңызды тақырып ретінде талқылана келеді. Наурыз мерекесі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында орын алғаны белгілі. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы түрлі ұлт өкілдерінің ынтымағы, татулығы. Мемлекет қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен оқушылары ұлттық киім кию арқылы мерекенің сәнін келтірулері қажет деп есептеймін.

Наурыз мейрамын еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің ынтымағына, берекесіне айналдырудың тегі ретінде әлеуметтік желілерде түрлі роликтер көрсету, өзге ұлт өкілдеріне, әсіресе үлкен кісілерге ұлттық киім түрлерін сыйға тарту, ұлттық спорт түрлеріне қатыстыру, қазақша әндер конкурсын, қазақ тойында көрсетілетін әдет-ғұрыптар мен би конкурстарын ұйымдастырған жөн. Қазір қазақ тілінде орындалатын заманауи әндердің БАӘ, Вьетнам, ҚХР, Оңтүстік Корея және т.б. елдерде трендке айналып жатқанын өз елімізде тұратын этностарға да танымал етуді ойластырған жөн.

Еділ НОЯНҰЛЫ,
тарих ғылымының кандидаты,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті



тастығымызды нығайтып, Наурыз мерекесін жалпыхалықтық етіп жаңаша тойлауға көзделген. Жаңа форматта өтетін Наурызнама онкүндігі жыл сайын 14-23 наурыз аралығында өтетін болады. Наурыздың бірегей логотипі бекітіліп, еліміздің барлық аймағы атсалысады. Жаңа дәстүрде өтетін төл мерекеміз жастарымыз бен өсіп келе жатқан ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар, сондай-ақ еліміздің мәртебесін де халықаралық саяси аренада көтереді.

Сафура БӨРІБАЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің аға оқытушысы, ф.ғ.к.

ЖАСТАРҒА ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРАТЫН ӘСЕР СЫЙЛАЙЫҚ

Наурыз мейрамының мазмұнын салт-дәстүрді, елдік, этностық құндылықтарды насихаттаумен бірге, көшені, ауланы алдын ала тазалау, ағаш көшеттерін егу, ауылдық жерлерде – көктемгі егін егу мақсатында түрен (соқа) салу, төрт түлік мал түрлерін өріске айдап, далада мерекелік, ғұрыптық шаралар өткізуді ұйымдастыру қажет.

Қалалық жерлерде ұлттық тағам түрлерін арнайы бөлінген жерлерде дайындау, ұлттық тағам түрлері мен сусындарынан дәм тату, ұлттық қолөнер туындыларынан көшпелі көрмелер көрсету, ұлттық спорт түрлерін көпшілікке паш етіп, қызықтаушыларды сол ойындарға қатыстыру шараларын жүзеге асыру керек.

Бүгінде еліміздің әртүрлі өңірлерінде Наурыз мерекесінің аталып өту ерекшеліктері көрініс табады. Солтүстік, орталық, шығыс өңірлерде наурыз айында күннің жылынбауы мерекелік көңіл күйге сәйкес келмей тұратыны айғақ. Оңтүстік өңірлерде, егіншілік дамыған аймақта наурызкөженің дайындалуының ерекшеліктері көрініс табады. Ерекше атап өтетін



өңірге Батыс Қазақстан аймағы жатады. Бұл өңірде Наурыз мерекесін қарсы алу наурыздың 13-інен 14-іне қараған түні басталады. Амал мерекесі, Көрісу күні деп аталатын бұл мерекеге жергілікті жұрт ерекше дайындықпен келіп, мерекелік көңіл күй шабытпен өтеді. Батыс аймақта ересек адамдардың, жас келіндер мен әйел адамдардың ұлттық киімде жүруі ұлттық калоритке ерекше еклін береді. Мұны көрген жас ұрпақ ұлттық ерекше бітіміне сай тұстарына көңілдері толатындай, өскенде осы дәстүрді өздері жалғастыратындай әсерді бойына

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к. Жазира Жүнісбаева «ЖОО үздік оқытушысы – 2023» атағы мен «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» ғылыми тағылымдамасының иегері атанды.

Францияда ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАН өтеді



«ЖОО үздік оқытушысы» байқауы жыл сайын оқытушылар беделін арттыру және оларды кәсіби дамуға ынталандыру мақсатында өтеді. Байқауға өткен жылы 80 жоғары оқу орнынан барлығы 768 үміткер қатысқан. Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарлауынша, «ЖОО үздік оқытушысы – 2023» атағына қазақстандық 43 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы жеңімпаз атанды, соның ішінде 32-сі қара шаңырағымыздың оқытушылары.

Жазира Қабылқызы Молекулалық биология және генетика кафедрасында 2003 жылдан бастап аға лаборант, оқытушы, аға оқытушы, доцент міндетін атқарушы болды. Кафедраның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша меңгерушінің орынбасары, ал 2019 жылдан бері Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Жазира Жүнісбаева – БҒМ Ғылым комитетінің ғылыми грантының «Қоңыр жапырақ татына *Brachypodium distachyon* L. модельдік объектісінің арнайы емес тәзімділігінің физиологиялық-биохимиялық механизмдері» (2018-2020 жж.) жобасының жауапты орындаушысы. Алынған ғылыми нәтижелер бойынша 80-нен астам ғылыми мақалалар мен тезистері, БҒМ-ның отандық журналдарында 100-ден астам мақаласы және Thomson Reuters, Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда бес мақаласы мен тезистері, РОӘК ОӘБ бойынша екі оқу құралы (2012, 2017) мен бес оқу-әдістемелік құралы, екі монографиясы (2017, 2024) жарық көрді. Сонымен қатар Жазира Қабылқызының басшылығымен республикада алғаш рет «Генетика» білім беру бағдарламасы бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде ашылды.

Ж.Жүнісбаева 2012 жылы «Жұмсақ бидайдың сыртқы ортаның стресс факторларына молекулалық-биохимиялық механизмін зерттеу» тақырыбы бойынша Томск мемлекеттік университетінің Биология институты Агрономия

кафедрасында РФФИ қорының бағдарламасы бойынша, ал 2019 жылы София қаласындағы (Болгария) Болгар ғылым академиясына қарасты Органикалық химия және фитохимия институтының Фитохимия орталығында қысқа мерзімді тағылымдамадан өтті.

2021 жылы Coursera платформасында Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың MOOK (open.kaznu.kz) платформасында ағылшын және қазақ тілдерінде субтитр берілген «Молекулалық биология курсы әдістері» пәні бойынша онлайн курсын қашықтан оқыту үдерісіне енді.

Ж.Жүнісбаева қызмет жасау барысында факультеттің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Ол 2009 жылдан бері факультеттің әдістемелік бюросының мүшесі, 2012 жылы факультеттің әдістемелік бюросының төрайымы қызметін атқарды.

Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша екі студенті «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өтетін ғылыми жоба конкурсының жүлдегерлері атанды. Жаратылыстану-

техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда екі студенті II, III дәрежелі дипломның иегерлері атанды. Жазира Қабылқызы ғылыми-педагогикалық еңбектерінің көрсеткіші бойынша 2022 жылы «Тәуелсіз елдің үздік ұстаздары – 2022» республикалық байқауы аясында «Білім саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Таяуда «Болашақ» бағдарламасы стипендиясының иегері атанған доцент Жазира Қабылқызы ғылыми тағылымдама барысында Густав Розе атындағы институттың (Франция) «ДНҚ репарациясы» зертханасының меңгерушісі, профессор Мұрат Қалиұлының жетекшілігімен митохондриялық ДНҚ тізбектерінің тұқым қуалау механизмі және геномдағы соматикалық мутациялардың пайда болу заңдылықтарын зерттейді. Бұл зерттеу жұмысы адамның жасына байланысты туындайтын аурулар мен клеткалардың қартаюын алдын ала диагностикалау мен алдын алудың жаңа жолдарын табуға көмектеседі.

Ақерке СЕРБАЕВА,
Молекулалық биология және генетика кафедрасының аға оқытушысы

Шынар ЫРҒЫНБАЕВА,
доцент м.а.

Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай, шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының ұйымдастыруымен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Эврен Мүдеррисоғлы және Бас консулдың білім аттасеші Айхан Коркмаз мырзалармен Елші сағаты аясында кездесу өткізді. Кездесуге шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымының кандидаты, доцент Наталья Ем, ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі, PhD Кенжебек Ғабдуллин, профессор Селенай Кошумджу, кафедраның профессор-оқытушы құрамы, студенттер, магистранттар және докторанттар қатысты.

Түркия бас консулымен кездесті



Дәстүрлі Елші сағаты бойынша бас консул Эврен Мүдеррисоғлы Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстар жайында дәріс оқып, екі елдің тығыз қарым-қатынасы нығая түскенін атап өтті. «Бауырлас Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған күннен бастап оның саяси-экономикалық және мәдени тұрғыдан жетілуіне атсалысқан Түркия Республикасы бауырлас елдің аймақтық қуатты елге айналуына бар күш-жігерін жұмсауда», – деп атап өтті бас консул Эврен Мүдеррисоғлы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы 100 миллиондық сауда айналымының қазіргі таңда 10 миллиард долларға жеткені екі ел арасындағы тығыз байланыстың айқын көрінісі болмақ. «Экономикалық байланыстың 15 миллиард долларлық шамасына жетуге барлық күшімізді жұмсап жатырмыз», – деді консул мырза.

Білім аттасеші Айхан Коркмаз мырза қазақ-түрік ғылымы мен жоғары білім жүйесінің қарқынды дамып, жас буынның сапалы білім алуына барлық жағдай жасалып жатқанын тілге тиек етті. Әсіресе қазақстандық студенттердің Түркияның жоғары оқу орындарында бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша оқуға түсулеріне барлық жағдай жасалғанын ерекше атап өтті. Соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері мен оқытушыларына арналған



бағдарламалардың жүйелі жұмыс жасап жатқанын қуантады. Студенттердің білім алмасуы бойынша ТҮРКСОЙ кафедрасының студенттері Анкара, Ыстамбұл, Денизли, Памуккале, Эскишехир және Кыршехир қалаларының жоғары оқу орындарында өз білімдерін шыңдауға мүмкіндік алған. Оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында қысқы және жазғы мектептердің жұмыс істеп тұрғаны да үлкен қуанышпен жеткізді.

ТҮРКСОЙ кафедрасының шақырылған профессоры Селенай Кошумджу ханым өзінің ҚазҰУ-дағы қызметі аяқталып келе жатқанын айтып, төрт жыл бойы керемет әсерге бөленгенін қуанышпен атап өтті. Кафедра студенттеріне дәріс оқуда ерекше көңіл күйге бөленгенін жеткізді.

Кездесу барысында ТҮРКСОЙ кафедрасының студенттері, магистранттары және докторанттары өздерін қызықтырып жүрген мәселелер бойынша сұрақ қойып, оған тұшымды жауап алды. Әсіресе «Эрасмус», «Мевляна» білім бағдарламалары туралы орынды жауаптар алды. Докторанттар ғылыми жобалар бойын-

ша Түркияның жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту бойынша мәселе көтерсе, оқытушылар Түркия мен Қазақстан арасындағы докторлық диссертациялардың нострификациялану заңдылығындағы күршеулі мәселелердің шешілуіне ерекше екіпін түсірді.

Кездесуді ұйымдастыруға атсалысқан ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары Эльмира Монтанай ханымға алғысымыз шексіз.

Кездесу соңында факультет деканы Наталья Ем бас консул мен білім аттасешіне Алғыс хат пен университет сыйлығын тарту етсе, бас консул да өз кезегінде факультет басшылығына және ТҮРКСОЙ кафедрасына өздерінің кәдесі-йін тарту етті.

Жеңісбек ӘБІЛДАЕВ,
ТҮРКСОЙ кафедрасының аға оқытушы

Кұлжан ЖАҒАТАЕВА,
ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ азбайды

Адам баласы қашанда тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие еліміздің, ұлтымыздың бүгінгі мен болашағы баянды болу үшін қажет. Сондықтан алдымен бүгінгі қоғам келбетімен үндесетін ұлт болашағының бағытын анықтап алу керек. Әр ұлттың бағзы заманнан келе жатқан тәрбиелеу жүйесінің өзіндік жолы бар. Тәрбие ұлттық табиғи тамырынан үзілсе, қасиетін жоғалтады. Халқымыздың мәдениеті ұлттық ерекшелігімен қасиетті де қадірлі. Сондықтан мәдени дамудың шыңына жетіп, өркениетті елге айналу халқымыздың табиғи қасиетіне, күш-қуатына, болмыс-бітіміне және т.б. ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болмақ.



Ұлттық тәрбие – қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді, ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Қазақ халқының тәрбиелік және тәлімдік ой-пікірлері мен жол-жоралғыларының маңызы мынадай жайттарда айшықтала түседі: үлкенді сыйлау мен қонақ күтудің маңызы; халық ойындары мен мерекелерін өткізудің де өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасқан жүйесі, табиғаттың сырын терең меңгеріп, үйлесімділік табуы; өсиет айту, терме, айтыс, шешендік сөздер; қазақтардың поэзиясы; туыстық қарым-қатынастар; қонақжайлылық, тектілік т.б.

Дарынды оқушыға талантты мұғалім қажет. Егер ұстаз өз сабағын жан-тәнімен жақсы көрмесе, онда білім алушыға дұрыс білім бере алмайды. Өйткені ұлан-жақты, қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен бірге жүргізген шараларына байланысты. Өйткені ұлттық тәрбиенің негізгі өзегі отбасында, екінші ұшы мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп болып бірігіп жұмыс атқару – біздің басты міндетіміз.

Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге атсалысу – жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасына, яғни салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйреткен абзал. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге, саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қа-

сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Ұлттық тәрбие – қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді, ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ ағайын-туысты, нағашы жұртын, ататегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, Жеті жұртың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай, қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен; екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылығымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып келе жатқан асыл мұрамызды дәріптеп, білімге ден қойып, көп ізденіс жасамайынша, оқыту мен тәрбиені ықпалдастыру мүмкін болмайды. Осы екеуін ұштастырып, қажымай еткен еңбек арқасында тәрбиелі білім алушы тұлға қалыптасатынына сеніміміз мол.

Гүлжан АСАНҚЫЗЫ,
жоғары оқу орнына
дейінгі білім беру
факультетінің аға
оқытушысы

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы арабтану бөлімінің студенттері өздері оқып жатқан тіл елдерінде біржылдық тәжірибеден өтеді. Тілдік тәжірибе барысында оқу бағдарламасына сәйкес, сол елдің университетінде өтетін оқу пәндерімен қатар, студенттер өздерінің қалауы бойынша «қашықтан оқу» пәндерін таңдайды. Бұл үрдіс осы уақытқа дейін тиімді пайдаланылып келеді. Ал қазіргі жағдайға келер болсақ, біздің оқытушыларымыз бен студенттеріміз үшін қашықтан оқытудағы тәжірибеміз пайдасын тигізуде.

Кувейт университетінде білім алуда



Мәселен, менің тобымның 3-курс студенттері Кувейт университеті мен Кувейт мемлекетіндегі Қазақстан елшілігі арқылы екіжақты келісімшарт бойынша араб тілінен тілдік тәжірибеден өтеді. Биылғы оқу жылында да араб тілін оқуға студенттерімізге елшілік арқылы және сол елдегі Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Азамат Бердібайдың қолдауымен екі грант бөлінді. Бұл грантты оқу үлгерімі, қоғамдық белсенділігі бойынша ең үздік деп танылған екі студент – «Шығыстану» мамандығының 3-курс студенттері Әсем Ерланова мен Назерке Наурызғалиева иеленді. Олар Кувейт университетінде оқып жүріп, ҚазҰУ-дағы сабақтарын «қашықтан оқыту» бойынша оқи алады. Біздің университетте бұған барлық жағдай жасалған. Бұл жерде студенттерге әр пәннен кредиттерді таңдау құқығы берілген, олар таңдап алған пәндерінен тапсырмаларды интернет жүйесі арқылы алып, көрсетілген мерзімде жауабын жіберіп отырады. Ал оқытушылар олардың тапсырмаларын интернет жүйесі арқылы тексеріп бағалайды. Студенттер тілдік тәжірибеден келгенде алған бағалары қорытылып, нәтижелері шығарылады.

Демек, «қашықтан оқыту» жүйесі студенттер үшін өте тиімді. Себебі мұндай жүйе бұрын болмаған кезде студенттер тілдік тәжірибе кезінде өте алмаған пәндерін кейін тілдік тәжірибеден өтіп келгеннен соң оқитын. Ол кезде білім алушылар бір жыл уақытын жоғалтатын. «Қашықтан оқытудың» басты тиімділігінің өзі осында. Куратор-эдвайзер студенттері шетелде жүрсе де, оның сабағы мен тәрбиесіне жауапты. Мысалы, мен өзімнің іс-тәжірибем бойынша айтар болсам, студенттер шетелге шығар алдында тәрбие сағатында олардың шетелде өздерін қалай ұстап, қалай жүріп-

түру ұстанымы жөнінде әңгіме өткіземін. Құжаттарына көмектесем, бұрын олардың алдында болған студенттердің пікірлерін тыңдатам, сөйтіп, олар жан-жақты хабардар болады. Сондай дайындықпен барған студенттерге ол жақта оқып, өмір сүру жеңілрек болады. Белсенді студент қай жерде жүрсе де белсенді. Кувейт университетінде оқып жүрген екі студентіміз – Әсем Ерланова мен Назерке Наурызғалиева сол жерде де қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Онда әлемнің бірнеше мемлекетінен келген студенттердің ісімен айналысатын студенттер ұйымы бар.

Биылғы барған студенттеріміз де өздерін жақсы қырынан таныта білді. Интернет арқылы олармен жиі сөйлесіп отырамыз, ақыл-кеңесімді айтамын, маалап жүрген кез келген мәселелерін тыңдаймын. Студенттеріміз Кувейт мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының елшілігімен тікелей байланыста. Мысалы, Тәуелсіздік мерекесіне орай, сол елдегі ҚР төтенше және өкілетті елшісі Азамат Рахманқұлұлының қабылдауында болды. Елші студенттерді жылы қабылдап, олардың қал-жағдайларын сұрап, ақыл-кеңесін берді. Студенттер шетелде оқып жүрсе де, елде болып жатқан жағдайлардың барлығынан хабардар. Олар елшілікте өтетін барлық іс-шараға белсене қатысады. Елшілік тарапынан да оларға үнемі қолдау жасалады. Міне, осының өзінен-ақ олардың өз Отанын сүйетіндерін, осы елдің азаматы екеніне мақтанатынын көруге болады. Ал біз, ұстаздар қауымы, берген білім мен тәрбиеміздің аз да болса нәтижесін көре алсақ, еңбегіміздің еш кетпегені.

Фарида ЖҰМАЖАНОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік
Азия кафедрасының 3-курс
куратор-эдвайзері

Бәйгеден Оза шапты



номинациясының иегері, 2019 жылы Жамбыл ауданы «Жігіт сұлтаны» байқауының гран-при иегері, жыл сайын дәстүрлі «Абай оқулары» облыстық байқауының жеңімпазы атанған талантты жігіт филология факультеті мәслихат төрағасы болып тағайындалды. Университет, факультет аясында ұйымдастырылған түрлі шараларға қатысты.

«Ұлт ажары – 2024» дәстүрлі жоба байқауының алғашқы бөлімінде Нұртілеу өлең шумақтары арқылы өзін таныстырып, сән үлгілерін көрсету сәтінде ұлттық киімдермен қатар, заманауи стиль үлгісін үйлестіре

білді. Этно-фольклорлық қойылым сомдап, домбырамен күй шертіп, «Көрермен көзайымы» номинациясын жеңіп алды. Оған Дубайға жолдама берілді. Ал екінші жігітіміз – Мадияр Сахиев «Үздік қойылым» номинациясын иеленді.

Филология факультетінің мерейін үстем етіп жүрген талантты жігіттеріміздің болашағынан зор үміт күтеміз.

Жайна САТКЕНОВА,
филология факультеті
деканының
оқу-әдістемелік және
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Оқушы кезімнен биология пәнін қызыға оқып, болашақта биолог болуды армандадым. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ға түсуге бел байладым. Ол кезде университеттің бас корпусы Панфилов көшесінде орналасқан, №127 ғимарат болатын. Осы корпусқа барып, биология факультетіне қажет құжаттарымды тапсырып, Байтұрысынов көшесіндегі жатақханаға орналастым.

Қалашықтың көркеюінің куәсі болдық



Бірінші емтиханды биологиядан, Совет көшесі, №28 үйде орналасқан ескі ғимаратта билет бойынша ауызша тапсырдық. Ол 1934 жылы ҚазМУ ашылған кездегі бас корпусы болған екен. Содан соң математикадан емтихан тапсырып, осы екі пәнмен аттестат баллы бойынша биология факультетіне оқуға түстім. Қуанышымда шек болмады. Сол жылы осылай екі пәннен емтихан тапсырып, оқуға түсуге эксперимент жасалған еді. Алда әлі екі пән бола тұра, біз оқуға түсіп кеттік.

Бізді ҚазМУ қалашығына, биология факультетін таныстыруға алып келді. Қалашықта ауқымды құрылыс жүріп жатты. Сол жылы биология факультетінің құрылысы енді бітіп, қолданысқа берілген екен. Жаңа корпус керемет әдемі. Ішін аралап, шаттанып, қуанып жүрміз. Ректорат корпусы салынып жатты. Осы қалашықтағы жасыл желектің біразын 1977 жылы біздің курстың студенттері отырғызған еді.



Қазір ҚазМУ қалашығына қарасаң, көз тоймайды. Сәулеті ерекше үйлескен ансамбль.

Бүгінгі таңда университет еліміздің мақтанышы. Жыл сайын білім алғысы келетін талапкерлер саны артуда. Университетімізде әр факультеттің жеке даму жолы бар. Соның бірі – жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті. Өзім қазір осы Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында биология пәнінің аға оқытушысымын.

Айнагүл ҮСЕНБЕКОВА

Сарысай сағасында өткен дәріс



қызықты деректер айтылды. Сонымен қатар қысқы кезеңде өзендерде байқалатын қауіпті гидрологиялық құбылыстар туралы ақпарат берілді.

Жалпы, мұздық құбылыстардан болатын апаттар халыққа, табиғатқа, инфрақұрылымға кері әсерін тигізеді.



Сондықтан қысқы кезеңде өзендердегі мұздық құбылыстарға мониторинг жасау аса маңызды екенін еске саламыз.

Динара АРЫСТАМБЕКОВА,
Метеорология және
гидрология кафедрасының
аға оқытушысы, PhD

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Студенттер сенатының ұйымдастыруымен «Ұлт ажары – 2024» дәстүрлі жоба байқауы өтті. Байқау ҚазМУ-дың 90 жылдық мерейтойына арналды.

Дәстүрлі жобаның мақсаты – жастар бойында ұлттық тәрбие құндылықтарын дамыту, мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, жастардың жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуына ықпал ету. Бүгінгі қыз-жігіттердің шығармашылық және жоғары зияткерлік әлеуетін жетілдіру, сұлулықты насихаттау. Жастардың өнері мен білімін саралаған сайыстың әділқазылар құрамында елге танымал тұлғалар мен ҚазМУ басшылығы болды.

Филология факультетінен дәстүрлі жобаға білімді, өнерлі жігіттер Нұртілеу Қойгелді мен Мадияр Сахиев қатысты. Олар жүзден жүйрік шыққан кіл мықтылар арасынан сән-салтанаты әрі ақыл-ой парасатымен ерекшеленді. «Қолданбалы қазақ тіл білімі» мамандығының 2-курс студентті Нұртілеу Қойгелді «Ұлт ажары – 2024» дәстүрлі жоба байқауының гран-при иегері атанды.

Нұртілеу Қойгелді – Алматы қаласының тумасы. Қазіргі таңда филология факультетінде білім алуда. Өнерлі жігіт қасиетті қара шаңырақ қабырғасында да белсенділік танытып келеді. 2018 жылы «Жамбыл ауданы үздік көшбасшысы»

Қыстың соңғы күндерінде Медеу шатқалында орналасқан Кіші Алматы өзені Сарысай сағасынан төмен гидрологиялық бекетіндегі мұздық құбылыстарды бақылау мақсатында Метеорология және гидрология кафедрасының «Гидролог» мамандығында білім алып жатқан студенттерге өзендерде кездесетін мұздық құбылыстар және олардың түрлері тақырыбында далалық жағдайда дәріс өткіздік.

Дәріс барысында студенттерге өзендердің қысқы режимінің ерекшеліктері мен өзендердің түрлеріне қарай мұздық құбылыстардың жіктелуі және олардың өзен ағындысына тигізетін әсері туралы мағлұматтар берілді.

Далалық сабақта өзендерде бақыланатын мұздық құбылыстар және олардың түрлері, мұздық режимдерге климаттың өзгерісінің ықпалы туралы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.